

ДАҢҚ ЖОЛЫ

(Күләш Байсейітованы еске түсіру)

Жаз. Тамаша жаз. Көз құмарын тарқатар гүл-бәйшешек хош иісімен бойынды балқытып, рахатына бөлейді. Өзен бойының қоңыр салқын лебі көк орайлы алқап үстін анда-санда баяу ғана сипап өтеді. Үзіліп естілген бұлбұл үні осы бір салтанатты, сәнді көрініске жанды рең береді. Жарыса өскен гүл шоқтары бұлбұл үнін мақұлдап, әлсіз сыбдырымен сырласып, бас изескендей болады. Ерке бұлбұл көрікті гүлді алқаптың сырын жырға қосады.

Бұл Отан жазы. Отанның гүл-бәйшешегі. Отанның көрікті алқабы. Онда сайраған, сырлы жыр шерткен Отанның аяулы ерке бұлбұлы Күләш еді. Күләштің үні ғой бұл. Тыңдайықшы тағы бір. Сырласайықшы сүйікті бұлбұлмен деуші едік біздер әрдайым.

Бірақ зор талант, ұшқыр қиял иесі Күләштің өмірі қысқа болды. Аяулы жан арамыздан кетті. Барша халықтың сый-құрметіне ерте бөленіп, ақтық демі біткенше өсу-өрлеу, шарықтау қалпынан танбай, аяулы жанға айналған Күләш өмірі – тарих таразысына сирек түсетін ұлы тұлғалардың өмірі. Күләш бойындағы табиғи талантын ең алдымен өз халқының рухани мәдениетінің қайнар қазынасына, мол мұрасына суғарды, сарқылмас сағасын содан тапты. Жас Күләш халқының қасиетті өнер туын қолға ұстап, шыңына шеберлік шыңына тартты.

Өз Отанына шексіз беріле қызмет етудің көпке үлгі боларлық сансыз мысалын көрсеткен Күләш заманының жүлде бермес жүйрігі атанды. Күләшті де тұйық дүниеден томағасын сыпырып, бақыт аспанына шығарған – шадыман, шат заманымыздың ғажайып күші еді.

Отанымыздағы әрбір жетістік ақын жанды, бұлбұл үнді Күләшқа шабыт берді. Ол қиял қанатын кең жайып, ұзаққа, алысқа шырқады. Бұдан 21 жыл бұрын ол: «Заман тіпті қызықты, тамаша болып барады, күнде жиын, күнде думан жасай бергім келеді», – деп жазды. Жігері жалын атып, табыстан тоят табу дегенді білмеген ұлы артистканың өнер жолындағы ұраны осы еді.

Заман қызығына тоймай, тамаша думан жасаумен өткен Күләштің қысқа өміріне көз жіберсек, желісін әріден тартқан Күләш қолынан қайта жаңарып қазынаға айналған ән-күй шежіресіне, кесек кейіптерге тап боламыз.

Әрине, Күләштің сәбилік шағы көз қуантарлық көрініс емес. Ол бұрын Верный атанған қазіргі Алматы қаласының бір шетіндегі Жасын етікшінің баспанасында 1912 жылы дүниеге келді. Күләш құлағына алғаш шалынған ананың әлдиінде де, етік тігіп отырып ыңылдап ән салатын әкенің үнінде де бір қайғылы сарын жататын-ды. Ол еңсені езген, тұрмыс талқысынан туған ауыр бейнет, азабы мол өмірдің зарлы үні еді.

Жасын етікшінің тәуір даусы болған. Ол ыңылдап отырып, қазақтың ескі жырларын айтқанда жас Күләш бұрышта кейде кесте тігіп, кейде көз жасын сүртіп отырып, мүлгіп тыңдайтын-ды. Оның бала қиялы Сырлыбай ханның

ауылын аралап, үлде мен бұлдеге оранған сұлу Жібекті нөкер қыздарымен көзге елестететін.

Көш бойындағы бірінен бірі өткен сұлу қыздар, шексіз жасау-жиһаз Күләшті алыс дүниеге алып кететін. Қособа түбіндегі зұлымдықты ойлағанда денесі түршігіп, бойын қорқыныш билейтін. Сонда да Жібек болар ма едім деген арман елесі бала қиялын қозғап кететін.

Жайдақ нарға мінген Айманның ақылына тәнті болып, кейде ырзалықпен күрсінетін-ді... Абай әндері мен сөз маржанын тізген ақын Сара да Күләш жүрегіне жастай ұялаған. Кейде Алатаудың қарлы шыңына көз тігіп: «Мен неге сұңқар емеспін, шығар едім қанат қағып ұшар басына», – деп армандайтын.

Жасыл желек жамылған гүлді қойнауада жидек теріп жүріп, бұлбұл үніне құмартып тұрушы еді. Сол шақта ол тапқаны тіршілік талшығына жетпей отырған етікшінің қызы екендігін де ұмытатын-ды. Қиялындағыны қуаныш еткен Күләштің балалық шағының күңгірт күндері осылай өтіп жатты.

Ұлы дүбір басталды. Аврораның айбынды үні естілді. Тұман серпілді. Қазақстанда совет өкіметі орнап, бақыт күні туды. Бүлдіршіндей қарақат көз қазақ қызы Алматыдағы арнаулы үлгілі мектепке оқуға түсті. Пионер галстугін тақты...

Ұлы дәуірдің қуатты күші халық бойындағы бар қасиетті азаттық айдынына шығарып, жөн сілтеді. Еркіндік алған қазақ халқының жас мәдениетінің алғашқы тобы социалистік мәдениеттің ұлы мұхитына шеру тартты...

Коммунистік партия мен Совет үкіметінің сансыз қамқорлығының бірі 1926 жылы ұлттық драма театрының құрылуы еді. Өнер иелерінің ұйытқысы осында болды. Бұл кезде Күләш мұғалімдер даярлайтын институттың студенткасы еді. Түрлі үйірмелерде дауыс дарындылығымен көзге түскен Күләшқа қазақ театрының негізін қалаушылардың бірі Серке Қожамқұлов кездесіп, театрға келуге үгіттейді. Алғаш өзінен артист шығар-шықпасына сенбей, үрейленіп жүрген Күләш тәуекелге бел байлап, 1929 жылы қазақтың драма театрына келеді. Көп ұзамай-ақ ол көрнекті артистердің санатына енеді...

Қазақ драматургиясының тұңғышы саналатын Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» трагедиясындағы Еңліктің сахналық образының алғашқы авторларының бірі Күләш болатын. Күләш драма театрында Погодиннің «Менің досым» пьесасындағы Гайдың әйелінің, Гогольдің «Үйленуіндегі» Агафья Тихоновнаның образдарын жасаумен өзінің тамаша драмалық артистка екендігін танытты. Бұл салада атақтылардың қатарына қосылғанмен, көбінесе оны ән салу, музыкалық жағы өзіне тарта берді. Қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрының 1933 жылы алғаш құрылған музыкалық студиясы **1934 жылы 13 январьда Мұхтар Әуезовтың «Айман-Шолпанын»** қойған кезде Айман рөлін ойнау Күләшқа жүктеледі. Күләш артистік өмірінің алғашқы жылдарында ешқандай опера сахнасын көрмегендігі мәлім. Бірақ сезім дүниесі бай, әрі дарынды дауыс иесі Күләш Айман образын тетіксіз тұлға етіп көрсетумен опера искусствосындағы үлкен

сапарының сәтті қадамын бастады... Жасында арман еткен қыздарынан алғаш кездескені де Айман болды... «Айман-Шолпан» тек Күләш өміріндегі белгілі белес емес, сонымен бірге жалпы қазақ опера искусствосы тарихының бірінші бетін ашқан тұңғыш еңбек еді. Осыдан бастап қазақ халқы ғасырлардан аман алып келе жатқан рухани мәдениетінің куәсі – бұрын сахарада айтылған ән мен күйін бірінші рет сахнада тыңдады. «Айман-Шолпанның» сәтті шығуы опера театрын құруға бел буған творчестволық коллективтің сенімін бекітті.

1936 жылғы қазақ искусствосының Москвадағы онкүндігінде көрсетілген «Қыз Жібек» пен «Жалбыр» операсы мәдениет тарихымызда ерекше орынға ие. Халқымыздың ауыз әдебиетіндегі ең бай, тартымды шығармалардың бірі – «Қыз Жібек». Мұнда жас буынның феодалдық салтқа наразылығы көрсетіледі. Көрнекті жазушымыз Ғабит Мүсірепов «Қыз Жібектің» музыкалық драмасын жазуға батыл қадам басты. Музыкалы драма жазу – драматургияның аса қиын саласы бола тұрса да, Мүсірепов алдына қойған мақсатын шебер шешкендігінде дау жоқ. Автор оқиға желісіне әр дәуірдің, әр таптың салқыны тиген ұзақ сонар жырдың сүрлеуінен бүгінгі өмір тұрғысынан қарап, керегін сұрыптап алды да, өз елегінен өткізді. Сөйтіп дәуір рухын сақтай отырып, қызықты оқиға, сырлы күйге құрылған тың, дербес шығарма туды.

Ал «Жалбыр» болса, поэзия, проза саласындағы мол мұрасын былай қойғанда, көптеген драмалық шығарма қалдырған қазақ халқының сүйікті жазушыларының бірі Бейімбет Майлиннің еңбегі еді. Бұл шығарма қазақ халқының өміріндегі үлкен тарихи кезеңнің (1916 жыл) уақиғаларына арналған. Осында Қадиша рөлін ойнаған Күләштің өзіне сөз берсек, бұл образды талдап жатудың қажетсіз екенін көреміз. «Қадиша рөлін қатты ұнатам» деген мақаласында Күләш былай дейді:

«Жалбыр 16-жылғы қазақ халқының патшаға қарсы көтерілген ереуілінен алынған уақиға. Бұл «Қыз Жібек» заманынан бері, оған қарағанда өзіміздің дәуір сияқты. Біз 16-жылғы уақиғаны жақсы білеміз. Дәл осы уақиғаға араласпағанмен, сондағы қатынасқан адамдардың көбінің көзі тірі. Олардың талай ерлігін, талай кездескен трагедиясын өз көзімізбен көріп, өз құлағымызбен естігеміз. Сондықтан Қадишаны ойнағанда 16-жылдың түрлі суреттерін көз алдыма елестетем, сол жылдардағы Қадишадай қазақ қызын көргенім де бар. Сондықтан Қадиша рөлін мен шын беріле сүйіп ойнаймын».

Шынында, Қадишалардың трагедиясы – Ұлы Октябрь революциясынан бұрынғы барлық қазақ әйелдерінің басында болған трагедия. Малға сатылу, сүйгеніне бара алмай, күштіден зорлық көру, басында бостандық болмау, әлеумет тіршілігіне араласа алмау қазақ әйелдерінің мойнындағы лағнет қамыты тәрізді еді. Қазақстанда совет өкіметі орнамаған күнде Күләш та осы күйге душар болмасына кім кепіл? Әрине, Қадиша Қыз Жібек емес. Ол көз жасына булығып, ажалға ылажсыз мойын ұсынбайды. «Сүйгеніне бара алмаған Қадиша алдай да біледі, сүйе де біледі, уәдесінде тұрып, дұшпанымен күресе де алады». Қадишаның көз жасы торығудан тумайды, жігер, кектен туады. Ол жеке басының ғана қамын ойлайтын, ой өрісі тар, тоғышар емес. Қадиша көп басындағы қайғыны ту ете сөйлейді. Күләштің орындауындағы:

«Уа, Жәке, сөзің артық, тілің майда.
Мендей боп жылаған қыз азғантай ма?»

(жай қоңыр әнімен) деп басталатын ария дәуіріндегі бар қазақ қызының мұң-мүддесінен туғандай естілетіндігі де содан.

Біз Қыз Жібекке қайта оралып, молырақ зер салғанды орынды көрдік. Өйткені Күләшті Одақ көлеміне әйгілеген де, Күләшпен 23 жылдан аса жолдас болған да осы Қыз Жібек. Адал махаббат пен бақытты бостандық аңсаған қазақ әйелінің ауыз әдебиетіндегі үлгісі – Қыз Жібекпен кездескенде Күләш жиырма бір жаста еді. Ұлы артистканың тыңдаушы жұртшылықты баурап алғандығы сонша, Қыз Жібек десе – Күләш, Күләш десе – Қыз Жібек еріксіз еске түседі. Бұл екеуі егіз қыздай бөлінбейтін тұтас, туыс ұғымға айналып кеткен.

Міне, оркестр аспаптарынан көңілді күймен астарласа нәзік тартылған мұңды сарын. Алыстан көрінген құм жоталары. Беріректе ауыр қозғалған көш тізбегі. Бұл – жайлауға бет алған Жібек ауылы. Көш өтті.

Жаздай жайдары жастар: жастар салған ән мен күй... Бірақ Жібек жабырқаңқы, асыл дүниесінде мазасыздық сезіледі. Құрбы-құрдастың әні де, биі де онша әсер етпейді. Мұңды Жібек өзінің қуанышынан гөрі қасірет үні басым «Гәккуіне» салады:

«Жай таныс сырласыма, мұңдасыма,
Кез таныс замананың тұлғасына.
Еркі жоқ, есепте жоқ, есіркеу жоқ,
Неткен күн арнап туған қыз басына.

Аз арман, сырым мәлім мұңдасыма,
Тілектес асыл жақын сырласыма.
Несі ерсі, кімге қорлық сол да көп пе?
Еркімен өзі қонса ұясына».

Бұл – түйғынын аңсаған тордағы тотықұстың мұңы... Сол кездегі әрбір қазақ қызының жүрек сырының түкпірінде орын тепкен аяулы арманы.

Сонау алыс дүниеде арманын азық, көз жасын сусын етіп, өмірі өкінішпен өткен қазақ қызының шынайы махаббаты туралы жыр, халық санасындағы ғасырлар өткелдерінен өтіп, өз тыңдаушысын тапқан «Қыз Жібек» операсы осылай басталады.

Бостандық аңсап, махаббат жолында құрбан болған қазақ қызының мұңы мен арман-тілегін терең ұғынған Күләштің бізге тастап кеткен ғажайып ескерткішінің бірі – Қыз Жібек образы.

Күләш жасаған Жібек бейнесі – шын шебердің қолынан шыққан, терең толғанумен торланған, сан алуан нақыш кестелері, көз тартатын әсем бояуы бар жанды портрет. Ақ жүзіне алыс ғасырдың әжімі түскен Жібекті де мәңгі жасартқан Күләш. Күләштің Жібегі – қартаймайтын, жігерлі жалын атқан романтикалық серпінді күйге толы, асқақ ой-парасаттың, абзал адамгершіліктің Жібегі.

Күләштің орындауындағы «Дүние-ай» әні сонау алыс дүниедегі өз мұңынан хабар берген қайғылы симфониядай естіледі. Тау суындай мөлдір, таза үніне сай Күләштің сахнадағы әрбір қимылы іштен тебіренуден туып, асқақ сезіммен ұштасып, орынды, сәнді көрінеді.

Төлегенмен алғаш кездесу және түсінде көру кезеңдерінде Күләш құлпыра түсіп, шексіз шаттықта көрінсе, қайғы құшағына енген сәттерде көруші-тыңдаушысынан өз қайғысына ортақ сезім туғызып, зарлы үнмен қоштасқандай болады. Күләшті тыңдап отырғаныңызда меңіреу дәуірдің озбыр дәстүрінің өртіне шалынып, сүйгеніне жете алмай кеткен жүздеген Жібек бейнесі көз алдыңыздан өтеді. Күләшті басқа опера шеберлерінен оқшау, көзге түсіретін бір ерекшелік – айтылатын арияның ішкі сырына сай әрекет, қимыл, күйініш-сүйініш сәттері іштен қабысып жататындығында. Күләш тамаша әнімен тамсандырса, өмірге сән ойыны, қызға тән қылығы арқылы көрушіні баурап әкетеді.

Жібек – Күләш. Төлегенмен бірінші кездесу сахнасында бір үміт сәулесін сезгендей, арман кілті ашылғандай жайдары кейіпке енеді. Назды әзілдің өзі әрі сыпайы, әрі ойнақы айтылады. Өткір де орынды әзіл ұғынықты жүректің ұтымды байлауына келіп тіреледі.

Махаббат өз кесімін айтты. Жібек албырт жүректің шексіз қуанышына беріле, сол қолын Төлегенге ұсына береді де, оң қолындағы орамалмен бетін көлегейлеп, баяу артына бұрылады. Неткен нәзіктіктен туған иба-ілтипат. Қандай тамаша әдепті көрініс. Жүрек бұйырса да, жүз жасыру қандай шынайы сыпайылықтан туып отыр. Бұл – Күләштің Жібегіне ғана тән сипат.

Бірақ алдамшы арманның жемісі өңі болмай, түсіне айналады. Өмірімде осындай болса екен деген қиялындағы Төлеген мен Жібек түсінде кездеседі. Шошып оянған Жібек Төлегенді түсінде көрудің өзін үлкен медет санап, достарына қуана баяндайды. «Сол түсімдегіні біліп бір сәтке өнімде көрсем еді» деген сағынышты тілектен туған ақырғы көмескі үмітті талшық етеді. Бұл сөздерді Күләш күрсіну аралас, қапалы сарынмен айтады.

«Ақбоз ат, ақбоз ат... Төлеген келе жатыр» дегенді естігенде, күңгірт қабағы жадырап, Күләш жайнаң қағады. Қуанышты күлкі мен мейірімді ажарға қайта енеді. Бұл – үзілер үміттің алдындағы аз ғана қуаныш сәті. Төлегеннің өлгенін естігенде Күләштің көз жасына булыға Бекежанға айтқан қарғысы халық атынан айтылған қатал үкімдей естіледі.

Арманға арман ұласып, өз аңғарымен ағып кете барады. Зұлмат дәуірдің құрбаны болған Жібек тыңдаушысымен ақырғы рет қоштасады. Жаралы жүректің зары өзінің бар қайғылы күйімен естіледі. Үзілген үміт, кесілген тілек тұйыққа тіреген Жібек ажал құшағына еріксіз енеді.

1936 жылы қазақтың жас өнер қайраткерлері Отанымыздың астанасы Москвада Совет үкіметі мен Коммунистік партияның, бүкіл совет халқының алдында творчестволық емтихан бергенде де бетке ұстап, мақтаныш еткеніміз осы Жібек болатын. Қыз Жібек операсындағы ән-күйлер қазақтың музыка мәдениетінің бай қазынасынан алынып, әсем әуенімен тыңдаушысын сүйсіндіріп, зор баға алған-ды. Сол кезде «Правда» газеті «Қыз Жібек» жай ғана музыкалы пьеса аталады. Шындығында бұл поэзияның ең жоғарғы түрі

болып есептелетін музыкалық поэма. Оның авторы және композиторы – қазақ халқы», – деген еді. Иә, «Қыз Жібек» – шындығында тұтастай халық музыкасынан құрылған шығарма. Құлақтан кіріп, бойды алған Жібек әндерін естігенде, өз тарихын ән-күймен шежіре етіп қалдырған халық қандай дана еді деп, ұйып тыңдай бергіңіз келеді. Кейбір ырғақтары сізді алыс ғасырға еріксіз ертіп, кәрі тарихтың не бір сай-саласын аралатып жіберсе, кей сәт жаныңызды рахатқа бөлейді.

«Правда» газеті Жібек ролін орындаған Күләш туралы айта келіп: «...үлкен талант иесі, сахнадағы қимыл-әрекеті, әсерлі әндері зрительді сендіргендігі сонша, тыңдаушы халық қазақ тілін түсінбесе де, уақиғаның желісіне, түйінді кезеңдеріне түгелдей түсініп отырды», – десе, совет театрының атақты режиссері Владимир Иванович Немирович-Данченко «Қыз Жібек» спектаклінен кейін Күләшпен әңгімесінде: «Жібек өлімінде ешқандай опералық машық жоқ. Аңшының оғы тиген тиын тышқандай, Жібек өлімі – табиғи, қарапайым өлім», – деп, Күләштің сахналық шеберлігінің ерекшелігін атап көрсетеді.

Осы жолы Күләш гүлге оранған Қазақстанның бағында сайраған бақытты бұлбұлы атанды. Совет халқы, үкімет пен партиямыз Күләштің талантын жоғары бағалады. Совет театрының ең таңдаулы қайраткерлерінің бірінші тобына «СССР халық әртісі» деген құрметті атақ берілгенде, тізімде әйгілі сахна шеберлері: Станиславский, Немирович-Данченко, Качалов, Москвин, Неждановалармен қатар Күләштің аты тұрды. Искусство саласындағы ең жоғарғы атаққа советтік Шығыс халықтарынан бірінші болып ие болған да сол кезде 24 жастағы Күләш еді. Опера сахнасының көрнекті қайраткері Валерия Владимировна Барсова Күләш туралы былай деді: «Мен де, көптеген жолдастарым сияқты, Күләш Байсейітовамен жақында қазақ искусствосының онкүндігінде таныстым. Шындығын айтуым керек, жас әнші маған қатты әсер етті. Мен оған тең келетін әншіні атай алмас едім. Қазақ әншісінің дауысы өте серпінді, көтеріңкі әрі жеңіл, ақаусыз ашық. Бұл дауыстың күміс тембрі басқа әндерден мүлдем айрықша, ешкімнің әуезіне ұқсамайды. Күләш Байсейітова қазақ бұлбұлы деген атқа толық лайық. Күләш Байсейітова – тек қазақ искусствосы емес, бүкіл совет искусствосының мақтанышы. Оның сүйкімді сипаты мен назды қылығы көрушілерге зор әсер беретіндігін айту керек».

Міне, Күләш таланты Отанның астана жұртшылығына, өнер иелеріне осылай танылды. Москвада Күләш орыс театрының алдыңғы қатарлы сахна қайраткерлерімен жүзбе-жүз кездесті. Академиялық үлкен театрда совет опера шеберлерінің орындауында классикалық шығармаларды тыңдап, олардан өнеге үйреніп, творчестволық нәр алды.

Москвадан үлкен баға алған, творчестволық жігері, шаттық көңіл мен қиял қуаты қанаттанып қайтқан Күләш келісімен жаңа образдар жасауға шабыттана кірісті. Бұл шақта театр коллективі «Ер Тарғын» шығармасын қолға алған еді. **1937 жылы 15 қаңтарда** «Ер Тарғын» премьерасы болды. Бұрынғы «Айман-Шолпан», «Қыз Жібек», «Жалбыр» негізінде музыкалық драма болса, «Ер Тарғын» басынан аяғына дейін музыкалық күйі үздіксіз дамып отыратын опералық жанрда жазылды. Бұл шығармадағы ең күрделі

образы Ақжүніс. Бұл қазақ әдебиетінде бұрын болмаған тұңғыш образ екендігін бір атасақ, екіншіден, Күләштің артистік өміріндегі жаңа, әрі мінез-құлық жағынан бұрынғы жасаған кейіпкерлерге қарама-қайшы келетін жат дүние еді. Күләш алдында үлкен сын тұрды. Күләш үшін ерке өскен, екі жүзді, өзім дегенде кісі өлімін ойыншыққа санайтын мейрімсіз зұлым, әрі тақаббар, әрі сезімтал, алдау-арбаудың неше түрін қиып қиыстыратын хан қызының бейнесін беру оңайға түскен жоқ. Бұған дейін жағымды образдарда ойнап келген Күләшқа бұрынғы сахнадағы кейпін, ісін, әрекетін логикалық тұрғыдан тұтастан өзгертуге тура келді. Тамаша талант иесі бұл образды да мүлтіксіз меңгеріп шықты.

Міне, сіздердің көз алдыңызда Күләштің Ақжүнісі... Бір сәт ол – жүзіктің көзінен өткен сиқырлы сұлу, тотыдай таранған ару; бір сәт жан бауырдан жалт беріп, арманда қалдыратын айлалы қызыл түлкі; бір сәт арбап тұрған сұр жылан; бір сәт мұңды мүләйім; бір сәт жүрегінді сығымдап, сырынды ұрлайтын мейрімсіз жез тырнақ; бір сәт лирикаға толы, сынаптан сусымалы сезім иесі.

Күләш зұлымдық рухында тәрбиеленген ханның ару қызының алмас жүзі, айнымалы мінезін, сексен сырлы сайқалдық қылықтарын, сезімтал нәзік лирикамен ұштастырып жатқан тақаббарлық пен мейрімсіздікті сахнаға тұтана шығарып, түнере басылуын жауыздықтың жарқ ететін жалынынан жалт беріп, жайбарақаттыққа салынуын сахналық шеберліктің сан түсті бояуымен өрнектеп шықты. Минутына мың құбылған мінез, тоқсан толқыған тұлға, шексіз қимыл, бұған Күләштің меруерттей таза күміс қоңыраулы әсем әуенін қосыңыз. Не деген тапқырлық, не деген бай талант десеңізші!..

Көп ойланып, терең толғандан туған кесек бейне Күләштің табиғи қазынасының тағы бір сырын ашып кетті.

1937 жылдың күзінде гастрольге шыққан опера театры Ленинградта «Ер Тарғын» спектаклін көрсетті. Ленинградтықтар операның постановкасы мен музыкасына үлкен ризашылық білдірді. Әсіресе Күләштің дауысы мен ойын ерекшелігін жоғары бағалады. Ленинградтың «Красная газетасы» былай деп жазды: «Біз кеше нәзік сезімге толы жағымды Қыз Жібек ролінде ойнаған Күләш Байсейітованы бүгін оған мүлде қарама-қарсы келетін мейрімсіз, сайқал, тақаббар залым хан қызының бейнесінде көріп отырмыз. Бұл ғажайып әсер ететін образ. Байсейітова, ғажайып дауысын былай қойғанда, теңдесі жоқ, асқан драмалық актриса. Ол өз бойындағы таланттың сан қырлы сырын танытты...» деп жазды.

Театрдың творчестволық өсуімен бірге жеке орындаушылардың да шеберлігі арта түсті. Қазақ опера искусствосының аз уақыт ішінде өз бетін айқын, жедел дамуына орыс сахна шеберлерінің бірден-бір көмегі болды. 1935 жылы Абай атындағы опера және балет театрының орыс труппасы ұйымдастырылған болатын-ды. Қазақ труппасына қарағанда, мұндағы топтың көпшілігі арнаулы мектептен өткен, творчестволық жағынан да тәжірибесі мол еді. Олар салғаннан Батыс және орыс композиторларының классикалық шығармаларын көрсете бастады. Бұл қазақ артистері үшін өзінше бір мектеп болды.

Сөйтіп, 1937 жылы Ленинградта қазақ опера искусствосы есейіп, қалыптасқанын көрсетті. Атақты орыс жазушысы Алексей Толстой Ленинградта қазақ операсының репертуарын бастан-аяқ тыңдағаннан кейін, оның сол кездегі қалпы мен келешегіне былай деп баға берді: «Көз алдымда театр ғана емес, одан да зор бір нәрсе бар сияқты. Қараңызшы. Көз құмарыңыз қанады. Сирек кездесетін, нағыз шын мәніндегі тамаша өнерді көресіз.

Актерлардың қимылдары, билері, бет құбылыстары – ауызбен айтып жеткізе алмайтын, ғасырлар бойғы бір мақтанышты аңғартады. Сенесіз бе? Таныс емес тілдің өзі сізге түсінікті болып кетеді. Мұнда әсемдік, күш пен жастық, сенімділік бар; мұнда Еуропа қалалары әлдеқашан айырылған қасиет бар; бұл – таңдаулы адамдар арман еткен нағыз жас, күш-қуаты қайнаған асыл өнер. Егер қазақ өнерін сонау Батыста, тіпті сол Париждегі дүниежүзілік көрмеде көрсетсең, қандай дүниені сүйсіне күңіретіп әкелер еді деп еріксіз ойлайсың. Азып біткен буржуазиялық өнердің түкке тұрғысыз бірденелерін қанағат етуге мәжбүр болып отырған қалың халық, бұқарасы қазақ өнерін қандай қошеметпен қарсы алар еді».

Творчестволық табысқа тояттап қалмау, өз өнерін жетілдіру жолында үздіксіз іздену Күләшқа тән сипат еді. Ол «мынау образ сәтті шыққан екен, осы да жетіп жатыр» демейтін. Әр ойнаған сайын образды байытып, жаңа бояу, жаңа үн таба білетін.

Күләш творчествосы мен жалпы қазақ операсының тарихына байланысты, композитор Брусиловскийдің еңбегін атамай өту әділдік болмас еді. «Айман-Шолпаннан» бастап, «Жалбыр», «Ер Тарғын» тағы басқа ілгері-кейінді жазылған театр репертуарының негізгі қорына айналған опералардың авторы – Евгений Брусиловский. Халық әндерін, күйлерін осы күнгі оркестр аспаптарының тіліне түсіру зор шеберлікті, көп еңбек сіңіруді талап етеді. Евгений Брусиловский тек оркестр тіліне түсіріп қана қоймай, әрбір әннің ұлттық бедерін бұзбай, бар мазмұнын іштей байытып, творчестволық тұрғыдан өңдеп құраған. Брусиловскийдің зор еңбегі де осында.

Саралап алып, жарастыра білсек, халық қазынасы таусылмас кеннің көзі ғой. Сол асыл мүліктерді іске асыра білуде біздің композиторларымыз бен жазушыларымыз жұртшылыққа әлі де қарыздар. Тек қана «Қыз Жібек» операсында 48, «Жалбыр» операсында 45, «Ер Тарғын» операсында 75-тен астам қазақтың байырғы әні мен күйінің пайдаланылуы халық қазынасының ұшан-теңіз екендігінің айғағы емес пе?

Сонымен қазақ операсы он жылдан аса өмір кешті. Творчестволық коллективтің буыны бекіп, бұғанасы қатты. Күләштің шеберлігі әбден шыңдалып, актриса лабораториясында өткен жолынан белгі – оннан аса мінсіз мүсіндер тұрды. Талап-тілегі ұлғая, құлашы кеңейе түскен артистка енді ұлттық шеңберден шығып, ұлы орыс халқының және Батыстың классикалық шығармаларына бой ұрды. Мұның алдындағы баспалдақ туысқан Грузин композиторы Полнашвилидің «Даиси» операсындағы Мароның партиясы еді. «Даиси» операсы – ырғақ жүйесі ұлттық нақышта болғанымен, орыс пен Батыс классиктерінің әсерімен жазылған опера. Грузин өмірімен онша таныс болмаса да, Күләш сияқты үлкен талант иесінен Маро қыз өз үндесін тапты.

Маро өзінің досы Наномен ұлт мейрамына жиналатын ауыл жастарын күтуде. Бірақ болашақ мейрам Мароны қуантпайды. Маронын сүйген жігіті Малхаз бөтен елде. Оның көңілсіз болып жүруі те содан. Бір кезде Нано Малхаз келгендігін хабарлайды. Алыстан:

«Қол создым ақтық беріліп.

Сен үшін құрбан ғазиз бас.

Өзін жоқ жерде оп-оңай

Дертімнің емі табылмас», – деген Малхаз әні естіледі.

Күләш – Маро Малхаздың келуіне іштей шексіз қуанса да, «сен мені ұмыттың, хабарсыз кеттің, саған сенбеймін» деп, ерке назға толы өкпесін айтады. Бұл наздың өзінде де уайым сарыны мол, өйткені Малхаздың жоқтығын пайдаланып, Мароны әке-шешесі әскербасы Киазоға атастырып қойған. Енді ата-ананың еркінен тыс кетуге болмайтынын Маро Малхазға сездіреді.

Мароның махаббаты бар әдет-ғұрыпты аттап өтеді. Ақырында Киазонын ұсынған неке жүзігін лақтырып, шырмаудан құтылудың жолын іздейді. Киазо қаншама өлтірмек болып ұмтылғанымен, одан қорқар Маро жоқ. Бұл сәттердегі сезім арпалысын Күләш аса шебер көрсетеді. Мароның қапылыста Киазонын қолынан қаза тапқан Малхазды жоқтауы жан жүйені тебірентеді. Күләш өзіне тән сахналық қарапайымдылықпен Мароның нәзік жанын терең түсіндіреді. Оның ішкі дүниесін аша отырып, көңіл күйін, қайғы-шерін трагедиялық сазға дейін көтерді. Вокальдық жағынан да қандай күрделі шығарма болса да төтеп бере алатындығын аңғартты.

1944 жылы Еуропа классиктерінен алғаш рет итальян композиторы Пуччинидің «Чио-Чио-саны» қойылды. Бұл шығарма коллективті үлкен сынның алдына қойды. Бұрын тек қазақ операларында тәрбие алған әншілер тобына енді итальяндық мәнерде айту оңайға түспеді. Өйткені қазақ әндерінің ырғақ жүйесінен итальяндық ән айту мектебінің айырмасы орасан зор екендігі мәлім. Күләшқа көбінесе нотаның биік алынуы үрей туғызып жүрді. Мадам Беттерфляйдің барлық әні солай басталады. Үш ай бойы репетициядан 40 минут, кейде бір сағат бұрын Күләш өз бетінше үнін үздіксіз жаттықтырумен жүрді. Ақыры «қайсар» ре бемоль Күләштің ырғағына көне бастады. Күміс қоңыраулы Күләш үні жаңа бір арнаға түсіп жөн тартты. Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстанда болған орыс сахнасының үлкен суреткері, СССР-дың халық артисі Николай Черкасов Күләштің ойнын көріп: «Әсіресе маған қатты ұнаған – Күләш Байсейітованың Беттерфляйі. Актриса сахнаның асқан шебері екендігін тағы да танытты», – деп жазды.

Күләш мадам Беттерфляй образы арқылы бұл сыннан сүрінбей өтіп, өзінің жан-жақты шеберлігінің бір белеске шыққандығын әйгіледі. 1950 жылы туысқан Грузин республикасы Күләшті Тбилисидің академиялық опера және балет театрында Мароның, Беттерфляйдің партиясын орындауға шақырды: Күләш онда грузияның опера сахнасының шеберлері Акулидзе, В. Хашимурадзелермен сахнаға шықты. Қазақ әйелінің ғажайып талантына ырзалық пікірлер республиканың орталық баспа сөздерінде мол жарияланды.

Мұхтар Әуезовтың либреттосы бойынша Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамиди жазған «Абай» операсы қазақ музыка тарихында үлкен белес болды. Шын мәніндегі қазақтың опера өнері тарихы осыдан басталды. Бұл сол уақыттағы музыка мәдениетінің барлық талап-тілектеріне сай, қазақтың ұлттық әнінің нәр-нақысымен астарланып, шын мәніндегі әсемдік тұтастығын сақтаған үлкен еңбек. Осы операдағы қасірет шеккен Ажар қыздың образын Күләш орындады.

Абай арқылы қазақ даласына келген Пушкиннің Татьянасы да талай қазақ ауылын кезіп, әр үйде ән салып, ел мұңына үн қосты. Татьяна әні қазақ халқы үшін көптен таныс қолтұмаға айналып, талай жүректің нәзік қылын шерткен еді. Сол көптен таныс қызды қазақ жұртшылығы 1946 жылы өз сахнасында көрді. Батыс романдарының рухында тәрбиеленген, жапан түздегі жабайы жартасқа шыққан қызыл гүлдей, өз туысындағы орыс қауымының өрескелдігінен аулақ, дереу табиғатында өскен таза жанды, арманшыл, адал, сезімтал орыс қызы Күләштің орындауында халық ұғымында жаңа келген Татьяна болып көрінді.

Міне, Татьяна өз бөлмесінде отыр. Жалғыз. Оркестр аспаптарынан үміттің жарытылысына жалбарына қол салған Татьянаның жан-күйінің нәзік үні естіледі. Ол ұйқыдан безген – тәтті қиялына талшық іздегендей, «Өткен күндеріңді айтшы, ғашық болып көрдің бе сірә?» дейді күтуші кемпірге сабырсыздана. Еріксіз ерте күйеуге шығып, берекесіз буалдыр өмірде күні өткен кемпірдің өмірбаяны да құлаққа кіріп, көңілге орнығатын емес. Көз алдында сымбатты, салқын қанды Онегин тұрып алады. Бірақ ол қазір жоқ. Кеше ғана бір болып еді, қыз жүрегіне жалын тастап кеткен тәрізді.

– Күйіп барам. Енді не еттім... деген сөздер Күләш аузынан өртенген өзектен шыққан, жалыны шалған жүректің қарбалас қалпын аңғартады. Романдарда кездесетін кейіпкердің бар қасиеті Онегин басына жиналғандай көрінеді оған. Арманды қыз алысты шола, қағаз алып, хат жазуға кіріседі. Қобалжыған жүректің хабаршысындай, Татьяна – Күләштің ерні де сәл ғана дірілдейді.

Қыз қаламы ой мүддесінің орындалуы сұрақ күйінде тұрғандығын дәлелдейтін екіұшты:

«Періштембісің қорғаушы...!

Әлде бір алдап арбаушы...» деген пікірге тіреледі.

Хатты Онегинге күтуші кемпірдің немересінен жіберерін жіберсе де, артынан Татьянаның жан дүниесінде үрейге толы қысталаң бір жай пайда болды. Неге, несіне жібердім деген өкініш те бар жүзінде. Татьянаның дауысы оркестр үнінде бұырқана барып тынады. Махаббат түйіні шешілер кезең үшінші көріністе. Миуалы бақшада Татьяна мен Онегин онаша кездеседі. Күләш жүзіндегі қобалжу бір сәт сенімге иек артқандай болады да, аздан кейін түпсіз тұңғыыққа батып бара жатқандай көрінеді. Онегиннің:

«Мен сынық жан жамағанмын,

Түзеле алман түрленіп.

Теңің емес, біл, саған мен,
Не қыласың кірленіп.
Сенің өмірің гүлденіп тұр.
Есігін тап, көр қызық.
Менің өмірім — бір суық сұр,
Күзгі күндей тұр бұзық», –

деген сөздері нәзік жанның үміт сенімінің тасалқанын шығарады. Татьяна үшін күтімі ақыл тыңдау емес, арманына жету, туысқан аға табу емес, тату тәтті жар, сырлас жүрек табу еді. Амал не, ол ой орындалмай, жүрек жалыны булығып келіп тепкен тәрізді.

Орыс поэзиясының алыбы Пушкиннің орыс өмірінің шежіресі атанған «Евгений Онегин» романы музыка алыбы Чайковскийден жаңа тіл тапса, қазақ бұлбұлы Күләштан үн тапты. Өзінің романда оқыған жайттарын кезінде өмір болмысымен қатар санайтын, қайшылықтардан хабарсыз, терең ой мен арманға берілген орыс қызының сыпайы әсем бейнесін Күләштің орындауында қазақ жұртшылығы зор қуанышпен қарсы алды. Күләш Татьяна сезіміне өкім жүргізіп, тежей білетіндей дәрежеде ішкі драмалық қайшылықтарын да шебер жеткізді.

Күләштің творчестволық өмір баянында ерекше орын алатын М. Төлебаевтың «Біржан-Сара» (либреттосы Х. Жұмалиевтікі) операсындағы Сара образы. М. Төлебаевтың «Біржан-Сара» операсы – біздің музыка мәдениетіміздің бүгінгі таңдағы күрделі белесі. Мұнда хор, би, жеке ариялар талантты композитордың қаламымен шебер шешім тапқан. Біржан мен Сараның айтысын жасынан жақсы білетін Күләш оған қазіргі дәуір тұрғысынан өн беріп, теңсіздік тепкісінен шығуға талпынған қазақ әйелінің халін әлеуметтік-саяси сатыға дейін көтерді. Бұл жолы Күләш Сара бейнесін жасаудағы зор еңбегі үшін Сталиндік сыйлық лауреаты атағын алды.

Өнер өріне еркін құлаш тастаған Күләштің өсу жолындағы табыстарын сипай сөз еткенімізде тоқталатын басты-басты образдар осылар, Айманнан бастап нәзік жанды сезімтал Қыз Жібек, айлалы сұрқия Ақжүніс, жұлде алған сөз шебері Сара мен арманшыл адал жанды Татьяна, отаншыл өжет Раушан мен колхоз екпіндісі Айша, романтикалық күйдегі Ажар мен ыстық қанды грузин қызы Маро, жауынгер Сайра мен адал махаббаты арбауға түскен Бетерфляй тағы басқа терең тебіренуден туған кесек тұлғалар – Күләш қалдырған қазна, үлгі аларлық мол мұра.

Күләш тек опера сахнасының ғана емес, жеке ән салудың да асқан шебері болды. Ол қазақ жұртшылығын, туысқан республикаларды және көршілес демократиялық елдердің де әндерімен таныстырды. Ал енді Күләштің «Қазақ вальсі» Еуропаның үстінде, Лондонның тұманды бұлыңғыр аспанында қалықтап, айтылып жүр. Тек қана «Қазақ вальсі» емес, «Бұлбұл», «Қос қарлығаш» тағы басқа әндер талай тілде айтылып, талай әншінің таңдайында тамылжиды. Қазақ бұлбұлының әсерлі үні қазақ әуенін әлемге танытты. Жеке ән орындаудағы сіңірген еңбегі үшін Күләш **1947 жылы Сталиндік сыйлық** лауреаты атағын екінші рет алды.

Күләш тек көркемөнер қайраткері ғана емес, ол сонымен бірге көрнекті қоғам қайраткері. Күләш **1937 жылдан бастап 20 жыл** ұдайы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты болды. Бүкілодақтық бейбітшілік қорғау комитетінің мүшесі еді. **1952 жылы демократиялық Польшаның** орталығы Варшава қаласында болған бейбітшілік жақтаушылардың дүниежүзілік конгресіне қатысты. Қазақ көркемөнер шеберлерін басқарушылардың бірі болып, **1950 жылы азат етілген Цинцзянға** барып қайтты. **1951 жылы Монғолия Халық Республикасының 30 жылдық** тойына қатысқан Совет Одағынан барған делегаттардың бірі де біздің Күләш болды.

Совет мәдениетінің қазнасына өз үлесін қосып отырған қазақ халқының Абай атындағы мемлекеттік опера театрының ұлы әртісі, бүкіл совет елінің мақтанышы болған Күләш Байсеитованың қоғам өмірімен ұштасып жатқан сахналық өмірінің қысқаша желісі осындай.

Күләш творчествосы – байсалды түрде жан-жақты зерттеуді талап ететін тақырып. Онда ашылмаған сыр, үлгі-өнеге етіп ұсынарлық талай қазна бар. Бұл – біздің музыка ғылымын зерттеуші ғалымдарымыздың алдында тұрған үлкен жұмыс.

Күләш Байсеитова арамыздан кетті. Бірақ ол өлген жоқ, осынша байлықтың, осынша мұраның иесі өлмейді де. Күләш үні талай ұрпақтың жүрегін тербейді, қиялын қозғайды, ұмтылуға, талаптануға, үйренуге шақырады. Күләш үні күдіретті үн, шабыт береді, шақырады өнер шыңына.

Жұлдыз журналы. – 1957. – №10. – 122-127 б.